

## VI Азаматтық форумды дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2013 жылғы 10 қазандағы № 165-ө өкімі

Астана қаласында 2013 жылғы қарашада VI Азаматтық форумды (бұдан әрі – форум) сапалы дайындауды және өткізуді қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған форумды дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін.

2. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасының Өңірлік даму министрі Б.Ә. Сағынтаевқа жүктелсін.

*Премьер-Министр* *С. Ахметов*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 3 ж ы л ғ ы 1 1 қ а з а н д а ғ ы

№ 1 6 5 - ө ө к і м і м е н

бекітілген

## VI Азаматтық форумды дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы

Сағынтаев Бақытжан Әбдірұлы	-	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасының Өңірлік даму министрі, төраға
Құл-Мұхаммед Мұхтар Абрарұлы	-	Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі, төрағаның орынбасары
Ерімбетов Нұрлан Кенжебекұлы	-	«Қазақстанның Азаматтық Альянсы» заңды тұлғалар бірлестігінің президенті, төрағаның орынбасары (келісім бойынша)
Таумұрат Данияр	-	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Қоғамдық саяси-жұмыс департаментінің директоры, хатшы
Мамытбеков Асылжан Сарыбайұлы	-	Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі
Сәрінжіпов Аслан Бәкенұлы	-	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі
Рау Альберт Павлович	-	Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар бірінші вице-министрі

Өскенбаев Қайырбек Айтбайұлы	-	Қазақстан Республикасының Өңірлік даму бірінші вице-министрі
Тұрғымбаев Ерлан Заманбекұлы	-	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары
Байжүнісов Ерік Әбенұлы	-	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі
Жақыпова Светлана Қабыкенқызы	-	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі
Мұхамеджанов Бектас Ғафурулы	-	Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау вице-министрі
Қожағпанов Ерлан Токтарханұлы	-	Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің төрағасы
Шойкин Ғалым Нұрмағамбетұлы	-	Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі төрағасының орынбасары
Мәуберлинова Нұргүл Өсербайқызы	-	Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы «Орталық коммуникациялар қызметі» республикалық мемлекеттік мекемесі директорының орынбасары (келісім бойынша)
Князбаев Бөрібай Қалмұханбетұлы	-	Қазақстан Республикасы Парламентінің шаруашылық басқармасының басшысы (келісім бойынша)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК